



ЖЕТІСІ

шығымасты

№ 4 (8892)
жұма 28 қаңтар
2022 ЖЫЛ

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

◆ QYSQA NŪSQA

РУСТАМ МИННИХАНОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Татарстан Президенті Рустам Миннихановты қабылдады. Тараптар сауда-экономикалық, өнеркәсіп және технология саларындағы өзара ынтымақтастықты нығайтудың перспективаларын талқылады.

КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Президент Әкімшілігі, Қауіпсіздік Кеңесі, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктері басшыларының кеңесі өтті.

БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ірі бизнес өкілдерімен кездесу өткізді. Мемлекет басшысы өз сөзінде елімізде қалыптасқан ахуалды талқылап, халық игілігі үшін билік пен бизнестің өзара ықпалдастығына қатысты жолдарды айқындау қажет екенін айтты.

ҚЫРУАР ҚАРЖЫ ТҮСКЕН

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының баспасөз қызметі хабарлағандай, осы уақытқа дейін айтулы қорға 42 млрд теңгеден астам қаржы түскен. Осы уақытқа дейін мемлекет басшысының қолдауымен басталған бастамаға 65 703 қазақстандықтан қолдау білдіріп, 39,1 млн теңге және 130 заңды тұлға мен ірі бизнесмендерден 42,1 млрд теңге түскен.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚУАТЫ АРТЫП, ОРНЫҚТЫЛЫҒЫ КҮШЕЙЕ ТҮСЕДІ»



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ БЕЙНЕБАЙЛАНЫС РЕЖИМІНДЕ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ» САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ. ІС-ШАРАҒА ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНЕН БӨЛЕК, ҚХР ТӨРАҒАСЫ СИ ЦЗИНЬ-ПИН, ҚЫРҒЫЗСТАН ПРЕЗИДЕНТІ САДЫР ЖАПАРОВ, ТӘЖІКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ЭМОМАЛИ РАХМОН, ТҮРІКМЕНСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ГУР-БАНГУЛЫ БЕРДІМҰХАМЕДОВ ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЕЕВ ҚАТЫСТЫ.

Қазақстан Президенті сөйлеген сөзінде Қытай басшысының осындай маңызды әрі дер кезінде қолға алынған іс-шараны өткізу туралы бастамасына ризашылығын білдірді.
– Біз бірнеше ғасырдан бері тарихи қарым-қатынас орнатып келеміз. Тату көрші болғанымызды және өзара тиімді ынтымақтастықтың осындай табысты тәжірибесін шын жүректен бағалаймыз. Құрметті Төраға Си Цзиньпин, Сіздің беделді және тиімді басқаруыңызбен Қытай Халық Республикасы өзінің дамуында таңғаларлық жетістіктерге жетті. Қытай қазір өрлеудің барлық негізгі көрсеткіші бойынша әлемдік көшбасшылар тобына кіруге лайық, – деді Мемлекет басшысы.
Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының зор қар-

қындылығымен, жоғары сенімге және шынайы тату көршілікке негізделуімен ерекшеленетінін атап өтті.

– Бүгінде екіжақты сауда жаңа рекордтық деңгейге жетіп отыр. Өткен жылдың 11 айының қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 17 миллиард долларға дейін жеткен. Қытайдың Орталық Азия елдеріне құйған 40 миллиард доллар инвестициясының жартысы Қазақстанға тиесілі. Сондықтан біздің еліміздің Қытайға аймақтағы ең ірі сауда-инвестициялық серіктес атануы заңды, – деді Президент.

Президент шетелдік инвесторларды, оның ішінде қытайлық серіктестерін одан әрі жан-жақты қолдауға мүдделі екенін жеткізді.

– Қазіргі кезде Қазақстан Үкіметі инвесторларға барынша қолайлы жағдай жасауға бағытталған жаңа инвестициялық саясат әзірлеуде. Мұндай саясат – Қазақстанның жаңа экономикалық бағдарының ажырамас бөлігі, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика саласындағы өзара ықпалдастықтың және инфрақұрылымдық, оның ішінде «Бір белдеу – бір жол» мегажобасы аясындағы жобаларды іске асырудың стратегиялық сипатын атап өтті. Президенттің айтуынша, өткен 30 жылдың ішінде Орталық Азия мемлекеттері тату көршілікке және бір-біріне тұрақты қолдау көрсетуге негізделген шынайы ынтымақтастық орната алды.

Мемлекет басшысы Қытайдың БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде еуразиялық кеңістікте бейбітшілікті, қауіпсіздік пен ілгерілеу ісін нығайтуда маңызды рөл атқаратынын айтты. Бұл, әсіресе, терроризм, экстремизм және трансулттық қылмысқа қарсы күреске байланысты. Бұл ретте, Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы қаңтар айының басында елімізге лаңкестердің асқан қатыгездікпен шабуыл жасағаны туралы айтты.

2-бет

◆ ЕТІЕҢДІ

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ТАРИФТЕРІ КӨТЕРІЛМЕЙДІ

ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ 2022 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕ ДЕЙІН КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТАРИФІ МЕН БАҒАЛАРЫН КӨТЕРУГЕ МОРАТОРИЙ ЕНГІЗДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ ДЕПАРТАМЕНТ ӨКІЛДЕРІ ЖУРНАЛИСТЕРМЕН ӨТКІЗІЛГЕН БРИФИНГТЕ АЙТТЫ.

Осылайша, табиғи монополия субъектілері мен қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің халық үшін барлық тарифтері 2021 жылғы желтоқсан деңгейінде қалды. Атап айтсақ, «Талдықорған тепло сервис» МКК-нда жылу – 2657,23 тг/Гкал, ыстық су – 172,30 тг/текше метр. «Жетісу Су Арнасы» МКК-нда су – 61,33 тг/текше метр, кәріз – 65,26 тг/текше метр. «Жетісу Энерготрейд» ЖШС-нда – 17,11 тг/кВтс.

– ТМС тарифтері халық үшін асып кеткен жағдайда ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 164-бабы, 4-бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделеді, – деп атап өтті ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаменті басшысының орынбасары Думан Қалибеков.

Сондай-ақ, Комитеттің тапсырмасы бойынша, департамент «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жаппай тәртіпсіздіктерден зардап шеккен бизнес субъектілеріне 2022 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімге коммуналдық төлемдерді төлеу мерзімін кейінге қалдыру



және өсімпұлды есептемеу мәселесін пысықтады.

Департамент өкілдері мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізуге шекті бағалар белгіленгенін айтып өтті Мәселен, АИ маркалы бензин литріне 80-89 теңге, АИ-92/93 литріне 182 теңге, АИ-95 литріне 215 теңге және дизель отыны (жазғы, маусымаралық) литріне 230 теңге болып бекітілген.

◆ TYNYS

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ТЕРРОРЛЫҚ ҚАУПТІҢ ДЕҢГЕЙІ ӨЗГЕРДІ

Терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штаб Алматы облысында жағдайдың тұрақталғанын хабарлады.

Қабылданған шешімге сәйкес, 2022 жылдың 26 қаңтары сағат 00:00-ден бастап облыстың барлық аумағында террорлық қауіптіліктің шекті «қызыл» деңгейі алынып тасталды. Талдықорған, Текелі қалаларында, сондай-ақ, Еңбекшіқазақ, Іле, Талғар, Жамбыл, Қарасай, Ақсу, Ескелді және Қаратал аудандарында террорлық қауіптің жоғары «қызыл-сары» деңгейі белгіленді.

Облыс аумағында құқық қорғау органдары тәртіпсіздікке қатысушылар мен ұйымдастырушыларды анықтау бойынша жедел іздестіру шараларын жалғастыруда. Қазіргі таңда террорлық қауіп деңгейінің шарттарына сәйкес, қару-жарақ пен жарылғыш заттарды табу үшін құқық қорғау органдарына көліктерді тінтуге рұқсат етілген.

Құқық қорғау органдарының жұмысына түсіністікпен қарап, сабыр сақтап, олардың заңды талаптарын бұлжытпай орындауыңызды сұраймыз.

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ 10,9 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ

TYNYS



Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинақтары 2021 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша 13,2 триллион теңгеге жетті...

Зейнетақы жинақтарының едәуір өсімі таза инвестициялық табыстың арқасында қамтамасыз етілді. 2021 жылғы 1 қаңтардан 1 қарашаға дейін БЖЗҚ салымшыларының шоттарына 1,2 трлн теңге мөлшерінде таза инвестициялық табыс есептелді...

туралы ақпарат Қордың ресми сайтындағы (www.enpf.kz) «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланып отырады.

БЖЗҚ салымшылары өз жинақтарының бір бөлігін Ұлттық банктен басқа инвестициялық портфельді басқарушы (ИПБ) компанияларға аударып алады...

БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін басқаруға алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында көзделген рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды...

Атап кетейік, «Jysan Invest» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері қызметі басталғаннан бері (2021 жылғы 15 наурыз) 2021 жылдың 1 қарашасына 6,5% деңгейінде табыстылық көрсетті...

Салымшы зейнет жасына толғанға дейін Ұлттық Банктің басқаруында болатын зейнетақы жинақтарына инфляция деңгейі ескеріліп отыратын сақталу кепілдігі қолданылады...

QAZYNA

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ - ҰЛТ АЙБАРЫ



Қазақ күресі ұлтымыздың ең көне спорт түрлерінің бірі. Бұл жекпе-жек өнер үлкен сұранысқа ие. Себебі елімізде ұлттық спорт түрлерін дамыту бойынша қарымды тірлік бар...

Атаулы спорт түрінен тұңғыш рет 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында жалауын желбіретті...

Ұлттық спорттың тамырына қан жүгірткен кезең ел тәуелсіздігін алған кезеңнен басталады. 1991 жылдан бастап қазақ күресінің тынысы ашылып...

Ұлттық спорттың тамырына қан жүгірткен кезең ел тәуелсіздігін алған кезеңнен басталады. 1991 жылдан бастап қазақ күресінің тынысы ашылып...

ын желбіретті. Сол жылдың қарашасында елордада ел президентінің жұлдесіне орай ұлттық күрестен халықаралық турнир өтті...

Бұрын қазақша күресте жас, салмақ шектеулері ескеріле бермейтін. Қазіргі уақытта осы спорт түрінде бірыңғай спорт киімі және күрес жүргізу техникасына қатысты белгіленген белгілі бір ережелер бар...

Олжас ОМАРБЕК

MASELENIŇ MÄNISİ

АҒЫН СУ ТАПШЫЛЫҒЫ БИЫЛ ДА ҚАУІП ПЕ?

2020-2021 ЖЫЛДАРЫ ШАРУАЛАР ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚТЫ СЕЗІНДІ. АҒЫН СУ ДА АЗ БОЛДЫ. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨЗЕНДЕРІНДЕ СУ ДЕНГЕЙІ АЗАЙЫП, ЖЕР ҮСТІ КӨЗДЕРІНІҢ ТАЯЗДАНУЫ БАЙҚАЛДЫ.



Осыған байланысты "Қазсушар" РМҚ Алматы филиалы барлық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің назарын инновациялық технологияларды қолдана отырып...

Судың тапшылығы жағдайының алдын алу үшін, "Қазсушар" РМҚ Алматы филиалы аудан әкімдерімен бірлесіп ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен түсіндіру жұмыстарын жүргізуде...

«Қазсушар» РМҚ Алматы филиалының Ескелді өндірістік учаскесі.

YEU DEREKQORYNА MÄLİMETTERDİ TAПSЫRU ЖАЛҒАСУДА

QÜLAQTANDYRU

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді YEÜ Дерекқорына ұсынудың кезекті мерзімі басталды...

Айта кетейік, YEÜ Дерекқорына тіркелу ұйымдарға қазақстандық YEÜ-дың табысты жобаларымен танысуға...

сан бойынша ұсынылады. Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді келесі тәсілдердің бірімен ұсына алады:

1) YEÜ Дерекқорының https://infonpo.gov.kz/ интернет-порталы арқылы (интернет-порталда авторизациядан өту ХҚКО-да алынған заңды тұлғаның ЭЦҚ кілтіннің көмегімен мүмкін болады);

Осы орайда, үкіметтік емес ұйымдарды 2022 жылдың 31 наурызына дейін YEÜ Дерекқорына infonpo.gov.kz ақпараттық ресурсы арқылы 2021 жылғы қызмет туралы мәліметтерді тапсыруға шақырамыз.

AGRARIAM НА ЗАМЕТКУ ВЫСОКОПРОДУКТИВНЫЕ СОРТА - ЗАЛОГ ВЫСОКОГО УРОЖАЯ

AGRARIAM НА ЗАМЕТКУ

Карабулакский комплексный сортоучасток занимается испытанием сортов и гибридов зерновых, зернобобовых и пропашных культур...

По результатам конкурсного испытания гибридов сахарной свеклы в течение 2 лет на сортоиспытательном участке увеличили число испытываемых сортов сахарной свеклы до 29...

ристорь 18,7%;18,3%, а также Тиссерин, Эйдер – селекция Франции, средняя урожайность 502:441 ц/га...

В отчетном году сортоиспытания прошли 32 сорта сои. В последние годы по некоторому региону нашей области проходят заморозки в сентябре месяце...

К. БУКАШЕВ, агроном Карабулакского комплексного сортоучастка.

